

I. Жалпы ереже

- 1.1. «Мұғалім тәжірибесіндегі «Lesson Study» қалалық байқауы (бұдан әрі – Байқау) «Баршаға қолжетімді сапалы білім беру» Ұлттық баяндамасын жүзеге асыру бойынша Астана қаласының Жол картасы аясында өткізіледі.

II. Байқау ұйымдастырушылары

- 2.1. Байқауды Астана қаласының Әдістемелік орталығы (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) ұйымдастырады.
- 2.2. Ұйымдастыру комитеті байқауда жалпы басшылықты, ағымдағы ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырады, байқау жұмыстарын бағалаудың бірыңғай критерийлерін әзірлейді, қазылар алқасының құрамын айқындайды, финалдық іс-шараларды ұйымдастырады, байқаудың қорытындысын шығарады.
- 2.3. Ұйымдастыру комитетінің құрамын Әдістемелік орталықтың басшысы бекітеді.

III. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: мұғалімдердің өз тәжірибесін жетілдіру және білім алушылардың білім сапасын арттыру үшін кәсіби зерттеушілік дағдыларын көрсету.

Міндеттері :

- «Lesson Study» тәсілін практикада қолдануда танымдық қызығушылықты ынталандыру үшін жағдай жасау;
- Зерттеу нәтижелерін тарату, қорытындылау
- Мұғалімдердің білім алушылардың білім сапасын арттыру мәселелерін зерттеуге ынталандыру.

IV. Байқау қатысушылары

- 4.1 «Мұғалім тәжірибесіндегі «Lesson Study» байқауы Астана қаласының химия және биология пәндері мұғалімдері арасында өткізіледі.

V. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу

Байқау 2 кезеңде қашықтық форматында өткізіледі.

Байқау кезеңдері

I кезең 2025 ж 13 сәуірден 21 сәуірге дейін (онлайн) Байқау жұмыстарды қабылдау

II кезең 2025 ж 23 сәуірден 28 сәуірге дейін (онлайн) Байқау комиссиясының жұмысы

Байқау қорытындысы 2025 жылғы 30 сәуір күні Орталықтың сайттында жарияланады.

5.2 Байқау тілі: қазақ тілі, орыс тілі.

5.3. Өтінім электрондық пошта мекен-жайына жіберіледі. (қосымша)

5.4. Байқау материалдары 2025 жылғы 21 сәуірге дейін sharipa.shakirova.76@mail.ru почтасына қабылданады.

5.4. Байқау материалдары 2025 жылғы 21 сәуірге дейін sharipa.shakirova.76@mail.ru почтасына қабылданады.

-Lesson Study жүргізудің барлық циклдарын жоспарлауды әзірлеу;

-қысқа мерзімді сабақ жоспарлары;

- сабақтарды бақылау форматтары (парақтары);

талдау /рефлексия (500 сөзден аспайды);

-қорытынды презентация

Презентация критерийлері:

- 5 слайдтан артық емес, анимация мен гиперсілтемелерсіз;
- проблема
- зерттеу тақырыбы;
- зерттеу сұрағы
- зерттеу нәтижелері (диаграммалар кестелер, білім алушылардың жұмыстарының сканкөшірмелері, бақылауға алынған оқушылар үшін интервью сұрақтары, талқылау жазбалары, фото);
- қорытындылар.

5.5 Байқаудың барлық материалдары мен өтінім электрондық форматта ұсынылады. (қаріп 14, «Times NEW Roman», жоларалық интервал –бір, сол жақтан шегініс 2,5 см, оң жақтан -2 см, жоғарыдан және төменнен-2 см, ескертпелер мәтіннің ішінде болуы тиіс).

Презентациялық байқау материалдарының жалпы көлемі 10 мегабайттан аспау керек. Егер материал 10 Мбайттан жоғары болса, файлды алмастырғышта (Google Yandex диск және т.б) орналастырылған материалға сілтемені тіркеңіз.

Жұмысқа қосымша ретінде фотосуреттер, бейнелер ұсынылуы мүмкін.ZIP немесе rar форматындағы мұрағат файлын электрондық пошта мекен-жайы бойынша ұсыну керек.

Комитеті жүлделі орындардың санын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Келесі жүлделі орындар белгіленеді.

- 1-орын;
- 2-орын;
- 3-орын.

Байқау жеңімпаздары дипломдарымен және алғыс хаттармен марапатталады.

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

-ереженің талаптарына сәйкестігі;

-таңдаған зерттеу тақырыбының маңыздылығы және өзектілігі;

-материалдың толықтығы мен ақпараттылығы (мәселені, зерттеу сұрақты негіздеу, тәжірибеде қолдану мүмкіндігі, қорытынды, болашаққа іс-шара жоспарлары);

-жұмыс дизайнының техникалық және эстетикалық аспектілері.

Әрбір критерий үшін максималды ұпай -5 б

6. Байқау қазылар алқасы және қорытындылау

6.1. Байқау жұмыстарды бағалау үшін қазылар алқасы құрылады.

6.2 Ұйымдастырушы:

Астана қаласы, Әдістемелік орталық, Қабанбай 33
Шакирова Ш.Х
телефон 87771334376
Электрондық пошта мекен-жайы: sharipa.shakirova.76@mail.ru

**«Мұғалім тәжірибесіндегі «Lesson Study» атты
қалалық сырттай байқауына**

Өтініш

Педагогтың тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлік бойынша) _____

Білім беру ұйымының толық атауы

Пәні _____

Педагогикалық қызметінің еңбек өтілі

Байланыс ақпараты:

Ұялы телефоны:

Жұмыс телефоны:

e-mail: